

Репродуктивті денсаулық жәнк қыз бала гигиенасы!

АИ дәрігерлік амбулаториясы студенттер мен қызметкерлерге сексуалды және репродуктивті денсаулық сақтаудың алдын алуда рөл маңызды атқарады. Амбулаторияның дәрігерлері мен медициналық қызметкерлері студенттерге сексуалды денсаулықты қорғау, контрацепция әдістері, жыныстық жолмен берілетін аурулардың алдын алу жөнінде ақпарат береді. Бұл қызметтер студенттердің сауатты шешімдер қабылдауына және жауапкершілікпен әрекет етуіне көмектеседі.

АИ дәрігерлік амбулаториясы студенттерге құпиялылықты сақтай отырып, жеке кеңес беру қызметтерін де ұсынады. Бұл қызметтер сексуалды және репродуктивті денсаулық туралы ашық сөйлесуге мүмкіндік береді, әрі студенттердің сұрақтарына жауап береді. АИ дәрігерлік амбулаторияның қызметкерлері оқу барысында студенттерге қажетті білім мен дағдыларды қалыптастыру мақсатында түрлі семинарлар мен тренингтер өткізіп, олардың денсаулығын сақтауға ықпал етеді. Осылайша, Ясауи университетінің Ахмет Ясауи амбулаториясы сексуалды және репродуктивті денсаулық сақтау қызметтеріне қолжетімділікті арттырып, студенттерді сау әрі жауапкершілікті өмір сүруге үйретеді.

